

Дәрілік заттарды ерекше сатып алу № 35 қорытындылары туралы хаттама

Нұр-Сұлтан қаласы
Достық к-сі, 13/3 үй

30 қазан 2020 жыл

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 қазандағы № 1729 қаулысымен бекітілген Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды, фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) 19-тарауына және «Дәрілік заттарды ерекше сатып алу туралы» «СҚ-Фармация» ЖШС Басқарма төрағасының 2020 жылғы 23 қазандағы № 12-2/389 бұйрығына сәйкес, комиссия құрамы:

1. Қансұлтан Н.Ғ. – Басқарма төрағасының м.а., комиссия төрағасы;
2. Омарова Г.А. – басқарушы директор – Басқарма мүшесі, комиссия төрағасының орынбасары;
3. Искаринова С.С. – кеңесші;
4. Салиев А.С. - басқарушы директор – Басқарма мүшесі;
5. Калмагамбетова А.Т. – басқарушы директор – Басқарма мүшесі;
6. Альжанов Б.Т. – қауіпсіздік қызметтің басшысы;
7. Ербатыр Е.Е. – сатып алу басқармасының бастығы;
8. Коскельдинова А.К. – құқықтық қамтамасыз ету басқармасының бастығы;
9. Темирбулатов А.М. - дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету басқармасының бас менеджері (бұдан әрі – Комиссия),

дәрілік заттарды ерекше сатып алуға қатысу үшін 2020 жылғы 28 қазан сағат 15.00-ге дейін комиссия хатшысының электрондық поштасына келіп түскен өтінімдерді қарап, **АНЫҚТАДЫ:**

1. Осы хаттамаға 1-қосымшаға сәйкес 2020 жылғы 23 қазанда «СҚ-Фармация» ЖШС www.sk-pharmacy.kz интернет-ресурсында инфекциялық аурулардың пайда болуы мен таралуының алдын алу, төтенше жағдайларды болдырмау және олардың салдарын жою мақсатында мынадай дәрілік заттарды ерекше сатып алу туралы шақыру орналастырылды.

2. Мынадай әлеуетті өнім берушілер қатысуға өтінімдер ұсынды:

Атауы, БСН	Орналасқан жері	Күні мен уақыты	E-mail
«Б.БРАУН МЕДИКАЛ КАЗАХСТАН» ЖШС 070940025802	Алматы қ., Бостандық ауданы, Тимирязев көшесі, 26/29 ғимарат	27.10.2020 14.31	Timur Biabulin <timur.biabulin@bbraun.com>
«GALAXY INTERNATIONAL (ГАЛАКСИ ИНТЕРНЭШНЛ)» ЖШС 140640010145	Алматы қ., Бостандық ауданы, Егізбаев көшесі, 13, 211 үй	28.10.2020 14.51	Galaxy International <galaxy_int08@mail.ru>

1. Әлеуетті өнім берушілер осы хаттамаға 2-қосымшаға сәйкес сауда атаулары бар 2 дәрілік затты ерекше сатып алуға қатысуға өтінімдер ұсынды.

2. №№ 1-3 және 6-9 позициялар бойынша 7 дәрілік затты ерекше сатып алуға қатысуға өтінімдер ұсынылған жоқ.

3. «Б.БРАУН МЕДИКАЛ КАЗАХСТАН» ЖШС №4 позиция бойынша өтінімі шақыру шарттарына және Қағидалардың талаптарына сәйкес келеді.

4. «GALAXY INTERNATIONAL (ГАЛАКСИ ИНТЕРНЭШНЛ)» ЖШС №5 позициясының өтінімі шақыру шарттарына және Қағидалардың талаптарына сәйкес келеді.

5. Әлеуетті өнім берушілердің құжаттарын қарау нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 5-бабының 1-тармағын, 3, 20, 212, 214, 247, 253, 262, 372 басшылыққа ала отырып, Комиссия, **ШЕШТІ:**

1) № № 1-3 және 6-9 позициялар бойынша дәрілік заттардың 7 атауын сатып алу Қағидалардың 262-тармағы 1) тармақшасының негізінде өтінімдердің болмауына байланысты өтпеді деп танылсын;

2) Қағидалардың 297-1-тармағының негізінде осы хаттамаға 2-қосымшада көрсетілген саудалық атауын, сипаттамасын және бағасын ұсынған әлеуетті өнім беруші «**Б. БРАУН МЕДИКАЛ КАЗАҚСТАН**» ЖШС-і № 4 позиция бойынша ерекше сатып алудың жеңімпазы деп танылсын;

3) Қағидалардың 297-1-тармағының негізінде осы хаттамаға 2-қосымшада көрсетілген саудалық атауын, сипаттамасын және бағасын ұсынған әлеуетті өнім беруші «**GALAXY INTERNATIONAL (ГАЛАКСИ ИНТЕРНЭШНЛ)**» ЖШС-і № 5 позиция бойынша ерекше сатып алудың жеңімпазы деп танылсын.

Осы хаттама «СҚ-Фармация» ЖШС-нің интернет-ресурсында жариялануға жатады.

Комиссия төрағасы

Н. Қансұлтан

Комиссия төрағасының орынбасары

Г. Омарова

Комиссия мүшелері:

Искаринова С.С.

Салиев А.С.

Калмагамбетова А.Т.

Альжанов Б.Т.

Ербатыр Е.Е.

Коскельдинова А.К.

Темирбулатов А.М.

Комиссия хатшысы

А. Кайбагарова